ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

«ОРАЗ АХУН»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

Ораз ахун
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
«ОРАЗ АХУН»

120500, Жосалы, Ораз ахун, №44

120500, Жосалы, Ораз ахун, №44

« 02 » сәуір 2025 жыл **№01-1/19**

Көкшетау қаласының ішкі саясат бөлімінің басшысы, комиссия төрағасы Темірболат Бексұлтан Ергенұлына

КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯ ШЕШІМІНЕ ҚАТЫСТЫ ШАҒЫМ

«Ораз ахун» қоғамдық қоры 31.03.2025 жылғы № 14641496 Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес конкурстық комиссияның шешімімен келіспейтінін ресми түрде мәлімдейді.

Конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді бағалау барысында бағалау өлшемшарттары мен шартты жеңілдіктердің есептелуінде өрескел қателіктерге жол берілген:

1. «Жасыл ел» жастар еңбек отрядтарының республикалық штабы» жеке мекемесіне

– Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесіне – 3 балл,

– Жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылған жағдайда, тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесіне – 4 балл берілген.

Алайда, сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (көрсетілген қызметтер актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелері) ұсынылмаған. Осыған сәйкес:

– ***Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесіне – 0 балл****,*

– ***Жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылған жағдайда, тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесіне – 0 балл*** *есептелуі тиіс.*

2. «Қармақшы Жастары» ЖҚБ-ға

– Жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылған жоба тәжірибесі үшін ***2 балл*** *есептелген.*

Алайда, «Қармақшы Жастары» ЖҚБ-ның **Ақмола облысында жұмыс тәжірибесі жоқ**, сондықтан бұл көрсеткіш бойынша балл берілмеуі тиіс.

3. **«Ораз ахун» қоғамдық қорына**

– «Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында болуы» көрсеткіші бойынша ***1 балл*** *берілген.*

Алайда, «Ораз ахун» қоғамдық қоры ҮЕҰ дерекқорына мәліметтерді уақтылы ұсынған. Осыған байланысты **2 балл** есептелуі тиіс.



https://esep.govtec.kz/npo

ПРИМЕНИТЬ СБРОСИТЬ

Регион	Период отчета	Дата отправки	Руководитель	Юридический адрес НПО (населенный пункт)	Электронная почта	Номер телефона	Своевременность	Адрес сайта
Необходимо повторно заполнить отчет в портале ABIS	2024	07-01-2025 23:24:48	Необходимо повторно заполнить отчет в портале ABIS	Необходимо повторно заполнить отчет в портале ABIS	Необходимо повторно заполнить отчет в портале ABIS	Необходимо повторно заполнить отчет в портале ABIS	Своевременно	https://kyc.kz
-	2024	01-04-2025 12:56:49	Нұрмағанбетова Ақтолқын Алтынбайқызы	Кызылординская область, Кармакшинский район, с.Жосалы, Коркыт ата, 10	nurlanbeibitov2024@gmail.com	+7(775)-643-00-01	on_time	-
Кызылординская область	2023	25-03-2024 00:00:00	Нурмаганбетова Актолкын	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті	n.beibitov@bk.ru	87756776306	Своевременно	
Кызылординская область	2022	31-03-2023 00:00:00	Абдикалиев Самалбек	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті	karmakchi_ovp@mail.ru	87768590949	Своевременно	

*– Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесіне **1 балл** берілген.*

Алайда, қоғамдық қор сатып алынатын қызметтердің нысаны мен мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында **екі жылға дейінгі жұмыс тәжірибесіне ие**, 2024 жылы қоғамдық қор мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде **«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарын ұйымдастыру бойынша 4 әлеуметтік жобаны** жүзеге асырды.

Сонымен қатар, «Ораз ахун» қоғамдық қоры Ақмола облысының **Есіл және Целиноград аудандарында** әлеуметтік жобаларды іске асырған.

Осыған байланысты **«Жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылған жоба тәжірибесі» көрсеткішіне 2 балл қойылуы тиіс еді**, алайда комиссия тарапынан негізсіз **0 балл** берілген.

Осы аталған фактілерге сүйене отырып, конкурстық комиссия тарапынан **әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін бағалау барысында әділетсіздікке жол берілгенін** және **қорытынды шешімнің заң талаптарына сәйкес еместігін** мәлімдейміз.

Осыған байланысты, конкурстық комиссияның шешімін қайта қарауды, жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді түзетуді және мемлекеттік сатып алу қорытындыларын әділ түрде қайта бағалауды талап етеміз.

Төраға **А. Нұрмағанбетова**